



Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық тендерлер өткізудің тәртібі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 31 қаңтар N 126. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.26. N 942 қаулысымен. ~P000942

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық тендерлер

өткізу туралы қоса беріліп отырған Уақытша ереже бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті:

1996 жылдың бірінші жарты жылдығында жабық тендерлерде сатылуға жататын жекешелендіру объектілерінің тізбесін, бекіту үшін, 1996 жылдың 1 наурызына дейінгі мерзімде Үкіметке ұсынысын;

ЕСКЕРТУ. ҚРУ-нің 1996.08.13. N 1001 қаулысын қараңыз.

P961001_

2-тармағының 3-абзацы қүшін жойды - ҚР Президентінің 1996.07.15. N 3059 жарлығымен.

U963059_

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің
1996 жылғы 31 қаңтардағы
N 126 қаулысымен
бекітілген

Жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық
тендерлер өткізудің тәртібі туралы Уақытша
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес өзірленді, ол жекешелендіру объектілерін сату жөнінде жабық тендерлер өткізудің тәртібін реттейді.

2. Ереже тендерді ұйымдастыру мен өткізудің жалпы тәртібін, қатысушылардың ұсыныстарын қарауды, жекешелендіру объектісіне меншік құқығына шешім қабылдау мен ресімдеуді айқындайды.

3. Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

тендер - жекешелендіру объектілерін сату жөніндегі жабық тендер, оған саудаласуға қатысуға арнайы шақыру алған тендер комиссиясы айқындаған заңды және жеке тұлғалардың шеңбері қатысады;

сатушы - Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті ;

комиссия - тендерді ұйымдастыру және өткізу үшін сатушы құрған тендер комиссиясы ;

қатысушы - тендерге қатысу үшін белгіленген тәртіппен тіркелген заңды немесе жеке тұлға ;

жекешелендіру объектісі - "Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 5-бабында аталған мемлекеттік мүліктің түрлөрі ;

бастапқы баға - жекешелендіру объектілерінің құнын бағалауды реттейтін, қолданылып жүрген нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес есептелген жекешелендіру объектісінің құны ;

тендердің жеңімпазы - комиссияның шешімі бойынша тендерді ұтып алған болып танылған қатысушы ;

сатып алушы - жекешелендіру объектісіне сатушы мен сатып алу-сату

шартын жасаған тендердің жеңімпазы.

4. Жекешелендіру объектілерін тендерде сату туралы шешімді

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының
мемлекеттік қауіпсіздігіне қоршаған табиғи ортаны қорғауға, сыртқы
экономикалық жағдайына қатысты ерекше жағдайларда ғана қабылдайды.

Тендерлерде сатылуға жататын жекешелендіру объектілерінің тізбелерін Үкіметтің бекітуіне Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі комитеті ұсынады.

5. Тендерді үйымдастыру мен өткізуді сатушы жүзеге асырады.

II. Тендер комиссиясы

6. Тендерді даярлау мен өткізу үшін Сатушы құрамына:

сатушының;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің;

Қаржы министрлігінің;

Экономика министрлігінің;

басқа да мұдделі министрліктер мен ведомстволардың;

жекешелендірілетін объектінің өкілдері енетін комиссия қурады.

7. Комиссия кемінде бес адамнан тұруы тиіс. Комиссия төрағасын сатушы тағайындауды.

Комиссия жұмысына сарапшылар мен мамандар тартылуы мүмкін.

8. Тендер комиссиясы:

өз жұмысының регламентін дербес әзірлейді және бекітеді;

жекешелендірілетін объектінің бастапқы бағасын бекітеді;

тендердің шарттары мен женімпазды тандау өлшемдерін белгілейді;

тендерге қатысушылардың курамын айқындайды;

тендерді өткізеді және тендер женимпазын айқындайды;

тендерді өткізу нәтижелері туралы хаттаманы ресімдейді.

9. Комиссия шешімі комиссия мүшелері жалпы санының жай көпшілік даусымен қабылданады. Дауыс тәң болған жағдайда комиссия төрағасының шешуші дауысқа құқы болады.

III. Тендерді ұйымдастыру мен өткізу

10. Тендер коммерциялық немесе инвестициялық болуы мүмкін.

11. Коммерциялық тендер - жекешелендірілетін объектіге неғұрлым жоғары баға ұсынған және тендердің белгіленген шарттарын орындауға келісім берген қатысушы женімпаз деп танылатын саудаласу.

12. Инвестициялық тендер - неғұрлым тартымды инвестициялық бағдарлама ұсынған және тендердің белгіленген шарттарын орындауға келісім берген қатысушы женімпаз деп танылатын саудаласу.

13. Жекешелендіру объектісінің бағасы:
инвестициялардың көлемі мен мерзімдері;
экологиялық талаптар;

мемлелерді жасауға шектеу (қайта сату, кепілдеме, басқаруға беру және басқалары) және немесе белгілі бір уақыт ішінде жекешелендіру объектісіне қатысты белгілі бір әрекеттерге тыйым салу;

тендер комиссиясы белгілеген басқа да шарттар тендердің шарттары болуы мүмкін.

14. Сатушы жекешелендіру объектісінің бастапқы бағасын белгілейді және комиссияның бекітуіне ұсынады, тендерді өткізуіндегі датасы мен орнын тағайындауды, кепілдік жарнаның мөлшерін белгілейді және комиссия үйінде жасаған адамдарға тендерге қатысуга жазбаша шақырулар жібереді, кепілдік жарғыларын қабылдайды және қатысушылардың ұсыныстары бар өтінімдерді тіркеуді және тендерді өткізуі ұйымдастыру жөніндегі өзге де қызметті жүзеге асырады.

Жекешелендіру объектісінің құнын алдын ала бағалау үшін Сатушы дербес консалтингтік фирмаларды тартуға құқылы.

15. Тендерге қатысушыларды тіркеу жазбаша түрде хабарлама жіберілген күннен бастап жүргізіліп, тендер өткізілетін күнге үш күн қалғанда аяқталады.

16. Қатысушы ретінде тіркелу үшін мынадай құжаттар беріледі:
тендерге қатысуға өтініш;

сатушы белгілеген мөлшерде кепілдік жарнаның енгізілгенін растайтын төлем құжаты;

тендердің шарттарын орындау және сатып алу-сату шартын жасауға қатысушының ұсынысы мен келісімі.

Занды тұлғалар нотариалды куәландырылған занды тұлғаның тіркелгені туралы куәлік пен жарғының көшірмесін, сондай-ақ жарғы қорындағы мемлекеттің үлесі туралы анықтаманы қосымша береді.

Акционерлік қоғамдар олардың акцияларын иеленген акционерлік қоғамдар туралы (тендерге қатысуга шақыру қағазы алынған сәтте) ақпарат бар акционерлердің тізілімінен көшірмені қосымша береді.

17. Комиссия қатысушылардың ұсыныстарын тендердің белгілеген

шарттары мен жеңімпазды анықтау өлшемі (өлшемдері) негізінде қарайды.

Комиссияның шешімдері оған комиссия мүшелері мен тәрағасы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Комиссия мүшесінің өзінің ерекше пікірін жазбаша баяндап, оны хаттамаға қосып тіркеуге құқығы бар.

18. Тендердің нәтижелері қатысуышыларға тендер өткізілген күннен кейін келесі күні жарияланады.

19. Комиссияның хаттамасы - тендер нәтижелерін растайтын құжат және сатушы мен тендердің жеңімпазы арасында шарт жасауға негіз болып табылады.

20. Жеңімпаз тендердің нәтижелері жарияланған күннен бастап 10 күннен аспайтын мерзімде жекешелендіру объектісіне сатып алу-сату шартын жасауға құқықты, мерзім өткен соң бұл құқығынан айырылады.

IV. Сатып алушылармен есеп айырысу тәртібі және меншік құқығын ресімдеу

21. Сатушы мен сатып алушы арасында сатып алу-сату шарты бойынша

есеп айырысу былай жүргізіледі: шарт бойынша сома кепілдік жарнасының төленген сомасы шегеріліп, сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 30 күнтізбелік күннен кешіктірілмей сатушының шотына аударылады.

22. Түпкілікті төлем бес банк күнінен кешіктірілсе, сатушы шартты біржақты тәртіппен бұзып, сатып алушыдан кепілдік жарнамен толтырылмаған бөлігінде нақты залалдардың өтелуін талап етуге құқықты.

23. Жекешелендіру объектісіне меншік құқығы сатып алушыға сатып алу-сату шартында және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес қарастырылған тәртіппен беріледі.

V. Жекешелендіру объектілерін сатудан алынған қаржы

24. Жекешелендіру объектілерін сатудан алынған қаржы тендерлердің ұйымдастыру мен өткізу шығыстарына жұмсалғанынан басқасы, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 31 қантардағы
N 126 қаулысына
қосымша

ЕСКЕРТУ. Қосымшаның күші жойылды - ҚР Президентінің
1996.07.15. N 3059 жарлығымен.

U963059_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК